
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ

ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

THEORY AND HISTORY OF STATE AND LAW

DOI 10.31489/2021 L2/39-46

ӘОЖ 340. 15: 94

Р.Б. Ботағарин*

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: botagarin_ruslan@mail.ru, Scopus autor ID: 57193385138)*

Құқықтық мемлекет негіздерін нығайтудағы Президент билігі

Мақалада Қазақстан Республикасы өз егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы кезеңіндегі Президент билігінің мемлекет өміріндегі шешуші рөл атқарған ерекше тұстарына назар аударылған. Нақтылай түсетін болсақ, Президенттік биліктің Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекет негіздерін нығайтудағы рөлі зерттелген. Бүгінгі біз білетін тәуелсіз, егеменді және құқықтық мемлекет ретінде қалыптасып, дамып келе жатқан Қазақстан Республикасы қазіргі жағдайына бірден жете қоймағаны белгілі. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет қалыптастырып, оны дамытудағы негізгі сұрақтардың болуы және олардың шешілуі бойынша атқарылатын іс шаралар өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мемлекетіміздің негізгі нормативтік құжаты Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы және оның кепілі болған Президент билігінің елімізде құқықтық мемлекет қалыптастырудағы, оның негіздерін нығайтудағы рөлі жайында да заң ғылымы саласындағы ғалымдардың ғылыми көзқарастары зерттеуге тұрарлық. Автор заңгер ғалымдардың көзқарастары мен сараптауларына, мемлекет өмірінде болып жатқан саяси-құқықтық өзгерістер мен реформаларға қатысты ғылыми еңбектерге шолу жасай отырып, сипаттаған. Мақала Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет орнатудағы, оның негіздерін қалыптастырудағы бірқатар күрделі мәселелер, яғни мемлекетіміздің қалыптасуы кезеңінде болған қиын жағдайларға қарамастан халық өкілдері мен билік тарапынан жасалған реформаларға, көзқарастарға, пікірлерге кенінен зерттеу жүргізу нәтижесінде авторлық тұрғыда тың мәліметтерге қол жеткізіліп отыр.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, тәуелсіздік, құқықтық мемлекет, Конституция, халық, Президент, реформа, конституциялық заңдар, Жоғарғы Кеңес, Парламент, Үкімет.

Kipicne

Тарихта болған қандай да бір мемлекеттердің өміріне шолу жасайтын болсақ, адамдардың қоғам құрып, мемлекет қалыптастырудағы басты мақсаттарының бірі жалпы адамзаттық құндылықтарды қамтыған құқықтық мемлекет құру екенін байқаймыз. Ал сол құқықтық мемлекеттің негізгі белгілері болып заң үстемдігі, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік, мемлекеттегі билік бөлінісі қағидасының сақталуы, жеке тұлға мен мемлекеттің өзара қарым қатынасы табылады.

Бүгінгі біз білетін тәуелсіз, егеменді және құқықтық мемлекет ретінде қалыптасып, дамып келе жатқан Қазақстан Республикасы қазіргі жағдайына бірден жете қоймағаны баршаға мәлім екені айтпаса да түсінікті. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет қалыптастырып, оны дамытудағы негізгі сұрақтардың болуы және олардың шешілуі бойынша атқарылатын іс шаралар өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Нақтылай түсетін болсақ, мемлекетіміздің негізгі нормативтік құжаты Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы және оның кепілі болған

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: botagarin_ruslan@mail.ru

Президенттің билігінің елімізде құқықтық мемлекет қалыптастырудағы, оның негіздерін нығайтудағы рөлі жайында да заң ғылымы саласындағы ғалымдардың ғылыми көзқарастары зерттеуге тұрарлық.

Жаңа құқықтық мемлекетті құру үшін қазақ ұлттық мемлекеттілігінің негізін бекіткен іргетасы берік Конституцияны қабылдау керек болды. Елдің негізгі құжаты көптеген ұрпақ жүзеге асыруға тырысқан жоспарлар мен жобалар үшін маңызды қадам болды.

Қазақстан Конституциясының жасалуы күрделі жолдардан өтті. С.З. Зиманов 1992 жылдың қазанынан 1993 жылдың қаңтары аралығында Конституциялық комиссия мүшелері талқылауға Негізгі Заң жобасының 4 нұсқасын ұсынғанын айтады. Конституциялық комиссия құрамына белгілі ғалымдар мен мемлекет қайраткерлері кірген [1; 60].

Елдегі және барлық посткеңестік кеңістіктегі ахуал тұрақсыз болатын, осыған байланысты бағдарламалық жобалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ете алатын мықты атқарушы билік керек болды. Бұдан басқа, академик С.З. Зимановтың пікірі бойынша, Қазақстан Республикасының Бірінші Президентінің алдында экономикалық реформаларды іске асырумен қатар, атқарушы биліктің барлық құрылымын өзгерту мен ұйымдастыру сияқты тарихи маңызды міндеттер тұрды. Және, ең бастысы, өзі жетекшілік ететін тиімді жұмыс жасаушы үкіметті құру [2; 87].

Егемен Қазақстанның 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған бірінші Конституциясындағы «Президент» деп аталатын 13-тараудағы 75-тен 83-бапқа дейінгі аралықта ҚР Президентінің құқықтары мен өкілеттіктері анықталған болатын. Мемлекет басшысы ретінде ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, Республика Конституциясы мен Заңдарының кепілі болып табылады.

Президент 5 жыл мерзімге сайланды, әлемде қалыптасқан тарихи дәстүр бойынша ол лауазымға кірісер алдында Жоғарғы Кеңес, яғни Парламент алдында ант берді. 76-бапта Президенттің 2 реттен артық сайлануға құқығы жоқтығы айтылды. ҚР бірінші Конституциясының айрықша ерекшелігі Президенттің атқарушы биліктің біртұтас жүйесін басқаруы болып табылады. 78-бапқа сәйкес мемлекет басшысы қажет болған жағдайда мемлекеттің егеменділігін, азаматтардың қауіпсіздігі мен аумақтың бүтіндігін қорғау үшін барлық шараларды қабылдай алады.

78-баптың 3-тармағында Мемлекет басшысының премьер-министрді, оның орынбасарларын, және де сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік министрлері мен дипломатиялық өкілдіктердің басшыларын тек Жоғарғы Кеңес келісімімен тағайындай алатыны атап өтілген. Және де Президент Министрлер Кабинетіне жалпы жетекшілікті жүзеге асырады, премьер-министрдің ұсынысы бойынша Министрлер Кабинетінің құрамын анықтайды, министрліктер мен мемлекеттік комитеттерді құрып, таратады, Министрлер Кабинетінің, министрліктердің және ведомстволардың актілерін тоқтатады немесе жояды.

Президент Конституцияға сәйкес республиканың Жоғарғы Кеңесі ұсынған Заңдарға қол қояды, алайда оған өзінің қарсылығын білдіріп, қайта талқылау үшін екі апта мерзім ішінде Парламентке кері қайтаруы мүмкін. Сонымен бірге, Жоғарғы Кеңес депутаттарының жалпы санының 2/3 көпшілік дауысымен алдыңғы қабылдаған шешімін нақтылауы мүмкін. Бұл жағдайда Президент Заңға қол қояды.

ҚР Конституциясының 78-бабының 11-тармағына сәйкес Қазақстан Президенті Республика Жоғарғы Кеңесіне Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың, Жоғарғы арбитраждық соттың төрағасы мен судьяларының, Бас Прокурордың және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі төрағасының үміткерліктерін ұсынады [1; 287].

Ары қарай, осы бапқа сәйкес Президент Қазақстан Республикасының Жоғарғы Бас қолбасшысы болып табылады, оның жеке басына қол сұғылмайды (80-бап). 81-бапқа сәйкес ҚР Вице-Президенті Президентпен бірге сайланып, ол болмаған кездері немесе Президенттің сырқаттанып қалуына байланысты өзінің тікелей міндеттерін жүзеге асыруы мүмкін болмаған жағдайда оның өкілеттіктерін атқарып, орындайтын болды.

1993 жылғы Конституцияның 14-ші тарауында ерекше орын Министрлер Кабинетіне берілгенін айта кету керек. 84-бапта Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасының үкіметі болып табылады және мемлекеттік билік ету сұрақтарын шешу үшін құрылған. Министрлер Кабинетіне кірген тұлғалар парламентарилер болып табылмайды немесе билік органдарында, республиканың қоғамдық бірлестіктерінде лауазымдық қызметтер атқару және де кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынған.

Министрлер Кабинетінің қызметін нақтылай келе, 1993 жылғы Конституцияда Министрлер Кабинетінің тек Республика Президентінің алдында ғана жауап беретіні атап өтілген. Президент жарлықтарын орындау үшін Министрлер Кабинеті республиканың барлық аумағында әрекет ететін актілерді қабылдайды. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Негізгі Заңының 85 және 86-баптарында айтылады.

Премьер-Министр ҚР Конституциясының 87-бабына сәйкес Министрлер Кабинетінің қызметіне тікелей жетекшілік етеді, кабинет қаулыларына қолын қояды, өкімдер шығарады және оған Конституция жүктеген өзге де негізгі қызметтерді жүзеге асырады.

Жоғарғы Кеңес Үкіметті бақылауда үлкен өкілеттіктерге ие болғанын айта кету керек. Мысалы, Парламенттің кез келген кабинет мүшесінің республика заңдарын атқару бойынша есептерін тыңдауына құқығы болды, және де әрине, егерде қандай да бір министрлер қызметінде бұзушылықтар болып жатса, Парламент Президент алдында оны мерзімінен бұрын лауазымынан босату туралы сұрақты қою өкілеттігіне ие болды [1; 289].

Жергілікті басқару жүйесі Республика Президентімен ұйымдастырылады және тікелей басқарылады. Жергілікті басқару органдарының басшыларын Президент немесе жоғары тұрған орган лауазымға тағайындайды және босатады. Республиканың әкімшілік аумақтық бөлінісіне сәйкес жоғары тұрған органға бағынады.

Конституцияға сәйкес жергілікті билік органының өкілеттілігі арнайы заңдармен реттеледі. Өкілді органдар жергілікті жерлердегі тұрғындармен 5 жыл мерзімге сайланады және атқарушы билік органдарымен бірлесе отырып жоғарғы билік органы қойған стратегиялық міндеттерді орындауды қамтамасыз етуі тиіс.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу жұмысының әдістемелік негізін әлеуметтік-құқықтық құбылыстарды танудың диалектикалық әдісі және танымның тәжірибеден өткен заманауи әдістері құрайды. Зерттеу барысында анализ, синтез, жинақтау, салыстыру сияқты теориялық талдаудың жалпы логикалық әдістері кеңінен қолданылды. Сонымен қатар мазмұнын ашу барысында негізгі міндеттерді шешу үшін құқықтық талдау, нақтылау, түсіндіру әдістері қолданылды. Зерттеу барысында қазақстандық заңнамаларға, отандық және шетелдік ғалымдардың мемлекеттегі құқықтық, демократиялық мемлекет қалыптастыру сұрақтарына арналған ой пікірлері, ғылыми еңбектері назарға алынды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қандайда бір мемлекеттегі заңның үстем етуі, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы, мемлекеттік басқару органдары мен тетіктерінің тиісті дәрежеде бекітілуі, қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздік мәселері әрқашанда сол елдегі заңнаманың жоғарыда айтылған сұрақтардың шешімдерін тапқан жағдайында ғана болуы мүмкін екендігін өткен тарих пен қазіргі жалпы қалыптасқан жағдай куәландырып отыр.

Мақала тақырыбында зерттеу жұмысын жүргізу нәтижесінде Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет орнатудағы, оның негіздерін қалыптастырудағы бірқатар күрделі мәселелер, яғни мемлекетіміздің қалыптасуы кезеңінде болған қиын жағдайларға қарамастан халық өкілдері мен билік тарапынан жасалған реформалар, көзқарастар, пікірлер жайында авторлық тұрғыда тың мәліметтерге қол жеткізіліп отыр. Қазақстан Республикасы өз егеменділігіне ие болғалы екі рет Конституцияны қабылдағаны бәріне белгілі. Осы екі Конституцияның ерекшеліктері жайында заң ғылымы саласындағы ғалымдардың да пікірлері әр алуан болып жатады. Мәселен, ғалым В.Малиновский 1993 жылғы Конституцияның Президентке барлық атқарушы биліктің жоғарыдан төменге дейінгі қызмет етуіне саяси жауапкершілік жүктегенін атап өтеді. Мұнымен қоса елдегі саяси жүйенің ядросы болған Халық депутаттарының кеңесі жойылған болатын. Жоғарғы Кеңес сонда да Республиканың заң шығарушы орган құқығын сақтап қалды. Ғалым бұл кезеңді мықты Жоғарғы Кеңесі бар жартылай президенттік республика моделі деп атайды [3; 25].

Ғалым Ғ.С. Сапарғалиев өзінің еңбектерінде, 1993 жылғы Конституция бойынша Жоғарғы Кеңес кең өкілеттіліктерге ие болғандықтан Президент билігінен жоғары тұрғанын атап көрсетеді. Тіпті, «Республика Президенті» туралы тарау «Жоғарғы Кеңес» туралы тараудан кейін орналасқан, бұл республика Негізгі Заңының елді парламенттік республика құруға толығымен бағыттағанын білдіреді. Және, керісінше, 1995 жылғы Республика Конституциясы билік органдары жүйесіндегі

бірінші орынға Президентті қояды, бұл елдегі президенттік басқару жүйесінің орнатылғанын білдірді [4; 302].

Республикадағы ахуал осы кезеңдерде нашарлап кеткенін айта кету керек. Бұл тұрғындарды бірінші қажетті тауарлармен, азық-түлікпен қамтамасыз етуге қатысты болды, коммуналдық қызметтердің жұмыстары толығымен тоқтап қалды, жылу электр станциялары тоқ пен жылуды тек ауруханалар мен мектептерге ғана беріп отырды. Кәсіпорындар жаппай жабылып жатты, адамдар жалақыларын айлар бойы ала алмады, мекемелердің пысық жетекшілері жұмысшыларға еңбек ақыларын өздерінің өнімдерімен, ауылшаруашылық тауарлармен немесе басқа да тауарлармен айырбаспен беріп отырды. Осының барлығы халықтың мемлекетке деген сенімсіздігін тудырды, билік беделінің түсуіне және қоғамдағы жағдайлардың тұрақсыздануына алып келді.

Осындай қиын жағдайларда елді басқаруда тәртіп орнатып, ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу үшін құқыққорғау органдарын нығайтып, кәсіпорындар мен мекемелердің жұмыстарын шетелдік және жеке капиталдарды тарту есебінен жандандырып, әрбір еңбекке қабілетті азаматты жұмыспен қамтамасыз ету, мемлекеттік мекемелерді жекешелендіру сияқты міндеттер тұрды. Бұның барлығы қуатты президенттік билік болғанда ғана мүмкін еді.

Республиканың XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңесінің өзін өзі таратуы және «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы қабылданғаннан кейін тарихи оқиғалар өте жылдам өрби түседі. Президент орындалуы уақыт күттірмейтін міндеттерді шешу үшін мүмкіндікке ие болды [4; 302].

В. Малиновский, жаңа кезеңге өту Президент Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылдың 9 маусымында Жоғарғы Кеңестегі президенттік биліктің ары қарай дамуына көзқарасын білдіріп сөйлеген сөзінен кейін басталғанын атап өтеді. Атап айтсақ, ол сөзінде мемлекет басшысы ретінде Негізгі Заң — Конституцияны, азаматтардың құқықтары мен міндеттерінің кепілі болғандықтан республикада болып жатқан барлық оқиғаларға жауапты екенін атап өтеді, және де әр билік тарабының халық алдында толықтай жауап беруі үшін бүкіл күш жігерін салып тырысатынын айтады [3; 25].

1994 жылы маусым айында ҚР Президенті өзінің «Дағдарыстан шығу шаралары және нарықтық қайта құрылымдардың тереңдеуі» атты Жолдауында заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарын жетілдіру мақсатында нақты жобаны ұсынған болатын. Мемлекет басшысы мемлекеттік биліктің 3 негізгі тармағы алғашқы жылдары сол уақыттағы ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуындағы тарихи жағдайлардың қажеттілігіне байланысты бір құрылымда жұмыс жасағандықтан Президент беделімен бүркемеленгенін атап өтеді.

Н.Ә. Назарбаев дұрыс байқағандай, билік органдары дербес болуы үшін пісіп жетілді, сондықтан Президент билігі Үкімет қызметінен алшақтайды және өзінің назарын Конституция кепілінің қызметін орындауға аударады. Сондықтан ол барлық күш қуатын қоғамның нығаюы мен саяси тұрақтылыққа бағыттайды [3; 26].

Президент мәртебесінің мемлекет басшысы ретінде нығаюына, кейбір деңгейде мемлекеттік рөлінен басым болуына Қазақстан Республикасы Президентінің республиканың мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылы туралы 1994 жылғы 12 қыркүйектегі Жарлығы ықпал еткен. Осы кезеңнен бастап Премьер-Министрдің Үкімет жұмысы, Ұлттық Банк төрағасының, Бас Прокурордың және т.б. жұмыс жайында Президентке ақпарат беріп отыруы тәжірибесі енгізілген болатын. Республиканың президенттік басқару нысанына өтудің келесі қадамы болып шығыстарды қысқарту туралы Жарлықтар, атап айтсақ, «Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы» болып табылды. Министрлер Кабинетіне Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот, Жоғарғы арбитраждық сот, Бас Прокуратура қызметкерлерінің санын азайту, және де орталық органдар құрылымын кем дегенде 25 %-ға қысқарту бұйырылды [3; 29].

Кейінірек, президент билігінің күшеюіне республика Президентінің аппараты мен Министрлер Кабинетінің қайта құрулар негізінде Қазақстан Республикасы Президент Аппараты және Министрлер Кабинетінің іс басқармасы болып бөлінуіне себеп болған Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылғы 13 сәуірдегі Жарлығы ықпал етті.

В. Малиновский, осы Жарлықтардың барлығы 1994 жылы Жоғарғы Кеңесте Қазақстан Республикасының Президенті өзі мәлімдеген және Жоғарғы Кеңеске Жолдауындағы Президент мәртебесіне жаңа конституциялық мән беру бойынша шараларды жүзеге асыруға ұмтылыстарын

қуәландырады деп атап өтеді. Алайда, 1993 жылғы Конституция жағдайында бұл міндеттерді орындау оңай болмады [3; 29].

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің XIII шақырылымына сайлау 1994 жылдың наурызында өтті. Үкімет қызметі 1994 жылдың 27 мамырында Жоғарғы Кеңес депутаттарының тарапынан қатаң сынға ұшырады. Парламент Үкіметті қоғам мен мемлекетті біріктіре алатын ұлттық бағдарламаны жасай алмады деп тұжырымдайды. С.С. Сартаев Президенттің депутаттар алдында баяндама жасағанын және де ол депутаттарға арналған «Нарықтық қайта жаңартуларды жеделдету және экономикалық дағдарыстан шығу шаралары туралы» Жолдауында өзінің мемлекет дамуының болашағы мен жоспарларын, қуатты атқарушы билік сақталғандағы оның құрылымын ұсынғанын атап өтеді. Ол және де Мемлекет басшысы ретіндегі өзінің өкілеттіктерін нақтылауды талап етіп, Конституцияға Президент импичменті институтын және Парламентті тарату құқығы енгізу жөніндегі сұрақтарды көтерді [5; 109].

Ары қарай академик С.Сартаев 1994 жылдың қыркүйегінде Президент пен Жоғарғы Кеңес арасында заң шығарушы және атқарушы билік арасындағы өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету жөніндегі келісімге қол жеткізгенін айтады. Осы үшін экономиканы тұрақтандыру және реформа бағдарламасына түзетулер енгізу үшін біріккен комиссия құрылған болатын. Алайда, Парламент пен Үкімет арасында келісілген қызмет жүзеге аспады. Жоғарғы Кеңес үкіметтің дағдарысқа қарсы тиімсіз бағдарламасын сынға ұшыратады. Президент орын алған жағдайға байланысты «ҚР Министрлер Кабинетінің отставкаға кетуі жөнінде» Жарлық қабылдауға мәжбүр болады [5; 110].

Конституцияға өзгерістер енгізу қажеттігі туралы идеяларды Жоғарғы Кеңес пен Президент жақсы түсінген болатын. Мысалы, Министрлер Кабинеті негізгі жұмысты конституциялық заңнама мен адам құқығы бойынша жүргізеді. Олардың жоспарында «ҚР Жоғарғы Кеңесі туралы», «ҚР Конституциялық Кеңесі», «Конституциялық өндіріс туралы» және де Министрлер Кабинетінің мәртебесі, ҚР соттар мен судьялардың құқықтық мәртебесі туралы жаңа заң жобаларын әзірлеу болған.

Жоғарғы Кеңестің басты міндеті кезең-кезеңмен конституциялық реформаларды жүргізу болатын. Парламентарилердің жоспарлары бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі туралы Заңда Парламентке атқарушы билік органдарының бағынуы есебінен олардың өкілеттіктері кеңейтілді. Сонымен бірге, депутаттар тіл мәртебесі, жерге жеке меншік, азаматтылық туралы Заңдарды бұрынғы қалпында қалдыруды ұсынды [5; 112].

Президент Аппаратында елдегі дағдарыстан шығу бойынша және 1993 жылғы Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмыстары қатар жүріп жатты. Бұл шығармашылық топқа сол кездегі Әділет министрі Н.А. Шайкенов, В.А. Мухамеджанов, П.А. Колпаков және Н.Ә. Назарбаевтың жетекшілігімен өздерінің заң жобаларын әзірлеген басқалар да қамтылды.

Қазақстандық қоғам алдында тұрған Президент, Парламент және Үкімет сияқты күрделі сұрақтарды және олардың арасындағы өзара қатынас сұрақтарын Конституция мазмұнын түбегейлі өзгертпей шамалы өзгерістер мен толықтырулар енгізу шеше алмайтынын тәжірибе көрсетті. Яғни, жаңа Конституция жобасын жасау сұрағы тұрды. Осындай күрделі жағдайда жобасы жалпы халықтық референдумда ұсынылған жаңа Конституция әзірленіп жатты. 1995 жылдың 30 тамызында көпшілік дауыспен жаңа Конституция жобасы қабылданған болатын [5; 121].

Жаңа Конституцияның қазақстан қоғамын тұрақтандырғанын айта кеткен жөн. Өйткені, ол республикадағы жоғарғы билік органдарының құқықтары мен міндеттерін нақты бекітті, Парламенттің орны мен өкілеттіктерін және атқарушы биліктің рөлі мен маңызын анықтады, бұл өз кезегінде олардың арасындағы келіспеушілік себептерін жойып, маңызды жалпымемлекеттік мәселелерді шешуге жұмылдырды. Және де, ең бастысы, Қазақстан Республикасындағы тәуелсіз мемлекеттің дамуын жалғастыру үшін президенттік басқару нысаны орнаған болатын.

Ғ.Сапарғалиев, 1995 жылғы Конституцияның 40-бабында Президенттің құқықтық мәртебесіне, биліктің жоғарғы органдары жүйесіндегі мемлекет басшысы ретіндегі орнына негізгі сипаттама берілгенін атап өтеді. Ары қарай, ғалым, Президент мемлекеттегі жоғарғы лауазымға ие тұлға екендігін, билік органдары құрылымында ерекше орын алатындықтан оның ешбір билік тармақтарына жатпайтынын көрсетеді. Конституция Президенттің ерекше жағдайын бекітеді, бірақ бұл биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріне бөліну қағидасының бұзылғанын білдірмейді. Олардың әрқайсысы Негізгі Заңмен анықталған дербес және тәуелсіз өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді. Тек Парламент өз өкілеттігін Президентке берген жағдайда ғана ол белгілі мерзімі аралығында Заңдар қабылдай алады. Сондықтан Президенттің билік тармағының

ешқайсысының жұмысына араласуына құқығы жоқ. Алайда, Президент 1993 жылғы Конституцияда біз көргендей ешбір билік тармағын басқармайды. Елдің жаңа Негізгі Заңы бойынша Үкімет атқару билігін жүзеге асырады және атқарушы органдар жүйесіне жетекшілік етеді. Сонымен бірге Үкімет Президент алдында жауап береді [4; 303–304].

Егемен Қазақстанның Президенті 1995 жылғы ҚР Конституциясы бойынша халық бірлігі мен мемлекеттік биліктің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының символы әрі кепілі болып табылады. Президент Қазақстанның көпұлтты халықтарымен сайланғандықтан, Ғ.Сапарғалиевтің пікірі бойынша, халық бірлігінің символы іспеттес, ал бұл оған халық атынан сөз сөйлеуге құқық береді [4; 304].

Қазақстан экономикасының және оның саяси-құқықтық жүйесінің дамуына жиырма жылдан астам уақыт өтуі барысында «Қазақстан-2050» Стратегиясы қабылданған болатын. Ол 2012 жылы желтоқсанда Президент Жолдауында ұсынылды. Оның басты міндеті болып Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына енуі және экономикасы дамыған, жалпыға ортақ еңбек мүмкіндігі мен қуатты мемлекет негізінде берекелі қоғам құру табылады.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін 7 ұзақ мерзімді басымдықтар анықталған. Бұлар жаңа бағыттың экономикалық саясаты, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері, заманауи білім беру жүйесінің негізгі бағдары, мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту, дәйекті және болжамды сыртқы саясат, жаңа қазақстандық патриотизм. Бұған қоса Стратегияда «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қамтылған болатын [6].

Біздің республикамыздағы ықпалды қоғамдық бірлестіктердің бірі «Нұр Отан» партиясы екені белгілі. Н.Ә. Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде елде 5 реформаны жүргізу міндетін қойды және де осы реформалар шеңберінде 5 институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам» ұлт жоспары әзірленген болатын [7].

Әсіресе екінші реформа — азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін сот жүйесі инстанцияларын оңтайландыру көзделген заң үстемдігіне тоқтай кеткіміз келеді. Нақтырақ айтсақ, бес сатылы сот жүйесінен үш сатылы сот төрелігі жүйесіне көшу арқылы судья лауазымына үміткерлерді іріктеу тетігі мен біліктілік талаптарын қатаңдату; мемлекеттік басқару академиясының құрылымынан сот төрелігі институтының бөлініп шығуы; судьялардың есеп беру тәртібін күшейту және судьялардың жаңа этикалық кодексін жасау. Және де барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу, сотта айыпталушы және қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету, Жоғарғы Сотта ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін инвестициялық алқаны ұйымдастыру. Азаматтық-құқықтық даулар жөніндегі соттарға прокурордың қатысуын қысқарту, сот орындаушыларының мемлекеттік қызметін біртіндеп қысқарту. Полиция қызметкерлерін іріктеу жүйесін жақсарту, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін мемлекеттік қызмет жүйесіне қосу, жергілікті полиция қызметін құру және басқалар [8].

Президент сот-құқықтық реформасына біздің егеменді мемлекетіміз құрылған сәттен бастап ерекше көңіл бөле бастағанын айта кету керек. Президент сонау 1994 жылдың 12 ақпанында біздің мемлекетіміздегі сот құқықтық реформасының қарқынды дамуына бастама берген «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасы туралы» қаулы қабылдаған болатын. Басталған реформалардың жалғасы болып бүгінде «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық Заңымен алмасқан 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығы табылды.

Парламент Сенатының депутаты С.Б. Ақылбайдың мәліметтері бойынша, Президент 1996–2005 жылдар аралығында құқықтық реформаға қатысты 145 Заң жобасын ұсынған. Олардың қатарында, «Алқабилер туралы», «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» және т.б. [9].

Қорытынды

Негізінен, мемлекет құқықтық реформаларды жүргізу үшін көптеген істер жасап жатқанын атап кету керек. 2015–2016 жылдары елдің құқықтық жүйесін әжептәуір ізгіліктендірген және

қазақстандық қоғамды демократияландырған ҚР Қылмыстық кодексі, Қылмыстық процессуалдық, Еңбек, Азаматтық процессуалдық және басқа да кодекстер қабылданған болатын.

Жоғарыда келтіргендер, біздің елдегі президенттік институттың ерекше тарихы барын куәландырады, өйткені, ол Қазақстан үшін саяси және экономикалық ауыр жағдайда қалыптасты және дамыды. Мемлекет басшылары бастаған демократиялық реформаларды кері бұруды қалаған көптеген кереғар күштер болды, сондықтан президенттік басқару нысаны демократиялық процестердің үздіксіздігін және Қазақстан Республикасындағы ұлттық мемлекеттілікті ары қарай құруды қамтамасыз етуде өзінің маңызды позитивті рөлін ойнағанын атап өтуге болады. Алайда уақыт бір орында тұрмайды, яғни, Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастықтың бір бөлігі болғандықтан әрі қарай дамуын, құқықтық мемлекет құруды жалғастырып, нығайту жолында белгілі бір нормативтік құқықтық актілер қабылдау арқылы алға қарай жылжуы үшін көптеген шаралардың атқарылатыны уақыт еншісінде.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан / С.З. Зиманов. — Алматы: Жеті жарғы, 1996. — 352 с.
- 2 Кожаметов Г.З. Некоторые вопросы теории развития национальной государственности в трудах академика С.З. Зиманова / Г.З. Кожаметов, Р.Б. Ботагарин // Қарағанды университетінің хабаршысы. — 2014. — № 1 (73). — Б.51–60.
- 3 Малиновский В. Глава государства суверенного Казахстана / В. Малиновский. — Алматы: ВШП «Әділет», 1998. — 242 с.
- 4 Сапарғалиев Г.С. Конституционное право Республики Казахстан / Г.С. Сапарғалиев. — Алматы: Жеті жарғы, 2014. — 544 с.
- 5 Сартаев С.С. Становление Конституции Республики Казахстан: проблемы и перспективы / С.С. Сартаев, Л.Т. Назаркулова. — Алматы: Кітап, 2002. — 407 с.
- 6 Долгосрочная стратегия развития Казахстана «Казахстан–2030» и Программы Республики Казахстан. — [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <http://www.akorda.kz/ru>.
- 7 Сильная нация — сильное государство (5 реформ — 100 шагов). — [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <http://infozakon.com/news>.
- 8 Елбасы Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы. — [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <http://ortcom.kz/ru/program/program-100steps/text/show>.
- 9 Ақылбай С.Б. Актуальные проблемы дальнейшего совершенствования правосудия в Республике Казахстан / С.Б. Ақылбай. — [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <http://www.parlam.kz/ru/blogs/Akilbay/Details/4/3349>.

Р.Б. Ботагарин

Президентская власть в укреплении основ правового государства

В статье рассмотрены особенности Президентской власти в Республике Казахстан в период становления его как независимого государства и независимости. В частности, изучена роль Президента в укреплении правового государства в Республике Казахстан. Известно, что Республика Казахстан, как независимое, суверенное и правовое государство, каким мы его знаем сегодня, не сразу достигла своего нынешнего положения. В этом контексте одним из наиболее актуальных вопросов является наличие ключевых проблем в становлении и развитии правового государства в Республике Казахстан и меры, принимаемые для их решения. Научные взгляды ученых в области юриспруденции на принятие Конституции Республики Казахстан, главного нормативного документа нашей страны, и роли президентской власти в формировании правового государства в стране, укреплении ее основы, заслуживают особого внимания. Автор статьи приводит некоторые из них, анализирует научные работы ученых-юристов по политико-правовым изменениям и реформам в жизни государства. В результате им выявлен ряд сложных вопросов по установлению правового государства в Республике Казахстан, формированию его основ, а также даны авторские рекомендации в вопросах реализации реформ.

Ключевые слова: Республика Казахстан, независимость, правовое государство, Конституция, народ, Президент, реформа, конституционные законы, Верховный Совет, Парламент, Правительство.

Presidential power in consolidating the foundations of constitutional state

This article considers the specifics of the Presidential power in the life of the Republic of Kazakhstan in the period of its independence and the status of an independent state. In particular, the role of the President in strengthening the rule of law in the Republic of Kazakhstan is considered. It is known that the Republic of Kazakhstan, as an independent, sovereign and legal state, as we know it today, did not immediately reach its current position. In this context, one of the most pressing issues is the existence of key issues in the establishment and development of the rule of law in the Republic of Kazakhstan and the measures taken for their resolution. Scientific views in the field of jurisprudence on the adoption of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, the main normative document of our country and the role of the presidential power in the formation of the rule of law in the country, strengthening its foundations also deserve it. In the article the author describes the views and analysis of scholars-lawyers, analyzes their scientific work on political and legal changes and reforms in the life of the state. As a result of the study, the article revealed a number of complex issues related to the establishment of the rule of law in the Republic of Kazakhstan, the formation of its foundations, as well as new author's information received in the results of extensive research reform.

Keywords: Republic of Kazakhstan, independence, rule of law, Constitution, people, President, reform, constitutional laws, Supreme Council, Parliament, Government.

References

- 1 Zimanov, S.Z. (1996). Konstitutsiia i Parlament Respubliki Kazakhstan [Constitution and Parliament of the Republic of Kazakhstan]. Almaty: Zhety zhargy [in Russian].
- 2 Kozhakhmetov, G.Z., & Botagarin, R.B. (2014). Nekotorye voprosy teorii razvitiia natsionalnoi gosudarstvennosti v trudakh akademika S.Z. Zimanova [Some questions of the theory of the development of national statehood in the works of academician S.Z. Zimanov]. *Karagandy universitetinın khabarshysy. Ququq seriasy — Bulletin of the Karaganda University. Law series, 1 (73), 51–60.* [in Russian].
- 3 Malinovskiy, V. (1998). Hlava gosudarstva suverennoho Kazakhstana [Head of state of sovereign Kazakhstan]. Almaty: VSHP «Adilet» [in Russian].
- 4 Sapargaliev, G.S. (2014). Konstitutsionnoe pravo Respubliki Kazakhstan [Constitutional law of the Republic of Kazakhstan]. Almaty: Zhety zhargy [in Russian].
- 5 Sartayev, S.S., & Nazarkulova, L.T. (2002). Stanovlenie Konstitutsii Respubliki Kazakhstan: problemy i perspektivy [Formation of the Constitution of the Republic of Kazakhstan: problems and prospects]. Almaty: Kitap [in Russian].
- 6 Dolghosrochnaia stratehiia razvitiia Kazakhstana «Kazakhstan — 2030» i Prohammy Respubliki Kazakhstan [Long-term development strategy of Kazakhstan «Kazakhstan — 2030» and the Program of the Republic of Kazakhstan]. *www.akorda.kz/ru* Retrieved from <http://www.akorda.kz/ru> [in Russian].
- 7 Silnaia natsiia — silnoe gosudarstvo (5 reform — 100 shahov) [Strong nation — strong state (5 reform — 100 steps)]. *infozakon.com* Retrieved from <http://infozakon.com/news> [in Russian].
- 8 Yelbasy N. Nazarbayevtyn bes institutsionaldvq reformasyn zhyzege asyrudyn 100 qadamy [President Nursultan Nazarbayev 100 steps to implement Nazarbayev's institutional reform]. *ortcom.kz/ru* Retrieved from <http://ortcom.kz/ru/program/program-100steps/text/show> [in Kazakh].
- 9 Akylbay, S.B. Aktualnye problemy dalneisheho sovershenstvovaniia pravosudiia v Respublike Kazakhstan [Aktualnye problemy dalneyshego sovershenstvovaniia pravosudiia v Respublike Kazakhstan]. *www.parlam.kz* Retrieved from <http://www.parlam.kz/ru/blogs/Akilbay/Details/4/334> [in Russian].